




ҚҰТТЫҚТАУЛАР!



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 26.10.2018 жылғы №650 бұйрығымен «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» Жамбыл медициналық колледж директорының оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова төсбелгісімен марапатталды.



Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 21 қарашадағы Жарлығы бойынша колледждің әдістемелік кабинет меңгерушісі Ж.Б. Иманбекова «Астана 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.



«Нұр Отан» партиясының бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға және қаланың қоғамдық өміріне белсене араласқаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Нұр Отан» партиясы Тараз қаласы филиалыны Құрмет грамотасымен Г.О.Шералина, С.С. Тұрғынбекова, Ж.Л. Шужеева, Д.Б.Уркимбаева Ж.Б.Мырзағұлова марапатталды.



«BILIM - ORKENIETU» ұлттық – инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласының 20 жылдық мерей тойына орай білім беру ұйымдарының педагогтарының арасында өткен «Үздік физика пәні мұғалімі- 2018» атты сайысқа қатысып, республикалық байқауының жеңімпазы Р.К. Тұрсынбаева I дәрежелі Дипломмен, куәлікпен марапатталып, төсбелгісі тағылды.



«BILIM - ORKENIETU» ұлттық – инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласының 20 жылдық мерей тойына орай білім беру ұйымдарының педагогтарының арасында өткен «Үздік педагог - 2018» атты сайысқа қатысып, республикалық байқауының жеңімпазы Ж.Б. Бағалиев II дәрежелі Дипломмен, куәлікпен марапатталып, төсбелгісі тағылды.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов Тәуелсіздік күні мерекесіне орай азаматтардың денсаулығын сақтау ісіне қосқан жеке үлесі мен мінсіз адал еңбегі үшін Ф.Қ.Жапарқұловаға Алғыс жариялады.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов Тәуелсіздік күні мерекесіне орай азаматтардың денсаулығын сақтау ісіне қосқан жеке үлесі мен мінсіз адал еңбегі үшін З.С. Ескебековаға Алғыс жариялады.



10.11.18. Бүкіл Ресейлік «Профконкурс» сайтының ұйымдастыруымен өткен «Адам анатомиясы және физиологиясы» пәнінен өткен олимпиадаға колледжіміздің 302 топ студенті Сүйінбекұлы Кәрім қатысып, жүлделі I-орынды жеңіп алды. Жетекшісі колледжіміздің анатомия және физиология пәнінің оқытушысы Л.М.Кузнецова.



21.12.2018ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының «Атамекен» кіші бағдарламасы аясында «Өз өлкеңді танып біл» тақырыбында Iкурс студенттер арасында көрме сайысы өткізілді. Студенттер өздерінің жасаған жұмыстарымен таныстырды. Тәрбие жұмысының меңгерушісі Л. К. Мейрманова мен тарих пәнінің оқытушысы Г.Ж. Иманалиеваның әділ қазылық етуімен, «Мейіргер ісі» бөлімі I орынды- 101 топ, II орынды 105 топ, III орынды 107 топ, III орынды 106 топ, III орынды 110 топ, III орынды 111 топ иеленсе, 109 топ белсенділік танытқаны үшін марапатталды.



Келіп жеткен 2019 жыл Доғыз жылымен колледж қызметкерлерін және оқытушыларын құттықтаймыз.

16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ



білдіріп, Алғыс хатпен марапаттады.

14.12.2018 ж. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 27 жыл толуына байланысты №1 Әлеуметтік–экономикалық жалпы білім беру және ізгілендіру ЦӘК төрайымы Г.Н.Жантохова және оқытушы Ж.Н. Айдабосынованың ұйымдастыруымен «Ұлт бақыты – Тәуелсіздік» тақырыбында салтанатты мерекелік жиын өтті. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова сөз алып, колледж қызметкерлері мен оқытушыларын жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне қосқан үлесі мен мінсіз адал атқарған қызметтері үшін алғыс

- 16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ
- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
- КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ
- АШЫҚ САБАҚТАР
- ТӘРБИЕ САҒАТЫ
- ПОЭЗИЯ КЕШ
- ІС - ШАРА
- АШЫҚ ЕСІК КҮНІ
- АҚЦИЯ
- ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРШАСЫ
- ҚҰТТЫҚТАУЛАР

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС



29.12.2018 ж. Педагогикалық кеңес өткізілді. Күн тәртібінде:
 1.Кітапхана жұмысының есебі. Жауапты: Бегалиева Н.Е.
 2.Кітапхана жұмысының сапасы, студенттердің оқулықпен қамтамасыз етілуі туралы есеп. Жауапты: Ескебекова З.С.
 3. Колледж оқытушылары Республикалық деңгейде біліктілігін арттыру туралы есеп беруі.
 4. Әр түрлі.

ҚОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ



25-26.10.2018 ж Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ұйымдастыруымен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФ – тің медициналық – санитарлық алғашқы көмек жөніндегі Жаһандық конференциясын өткізуге қосқан үлесі мен атқарған еңбегі үшін Жамбыл медициналық колледжі Алғыс хатпен және конференциясының арнайы медалімен марапатталды. Жаһандық конференцияға колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаева және 4 курс студенті Елубай Н. қатысты.





АШЫҚ САБАҚТАР

20.12.2018ж. Информатика пәнінің оқытушысы А.А. Буксукбаева «Емдеу ісі» бөлімінің 112 топ студенттерімен «Общие сведения о Microsoft Excel 2013» тақырыбында ашық сабақ өткізді.



27.12.2018ж. Оқытушы Д.Е. Жусупова «Мейіргер ісі» бөлімінің 202 топ студенттерімен «Әдеби өлкетану» пәнінен «Ауыз әдебиеті – сарқылмас тарих» (Ұлбике ақын, Ж.Жабаев, К.Әзербайев) тақырыбында ашық сабақ өткізді.



28.12.2018ж. Оқытушы А.Е. Еркебаева «Мейіргер ісі» бөлімінің 103 топ студенттерімен биология пәнінен «Адамның тұқымқуалаушылық зерттеу әдістері» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

21.12.2018ж. «Емдеу ісі» бөлімінің 319 топ кураторы Б.Б. Блейменованың ұйымдастыруымен «Жемқорлықпен күресу – басты міндетіміз» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.



ПОЭЗИЯ КЕШ

07.12.2018ж. №2 Жалпы білім беру және ізгілендіру ЦӘК төрайымы А.Т. Мәдімарова және оқытушы Н.Ж. Абдраимованың ұйымдастыруымен «Мейіргер ісі» бөлімі, 104,105,111 топ студенттерімен Ұлы ақын, педагог, ағартушы М.Жұмабаевтың 125 жылдығына арналған «Мағжан тағылымы» атты поэзия кеші өтті. Кештің мақсаты: Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы халықтың тәлім-тәрбиелік ойларының негізінде студенттердің бойына адамгершілік, инабаттылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту, сұлулық сезімдер мен шынайы махаббатқа, батылдыққа баулу. Студенттердің поэзияға деген қызығушылығын арттыру.

ІС - ШАРА

12.12.2018ж. «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының жетекшісі А.Е.Еркебаева «Мейіргер ісі» 107 топ студенттерімен «Табиғатты аялайық, адамзат» тақырыбында ашық – іс шара өткізді.



15.12.2018 ж. Колледждің «Жас Отан» Жастар қанаты бөлімшесінің ұйымдастыруымен «Ар-намысым, қасіретім, мақтанышым – Желтоқсан» атты іс-шара өткізілді. Іс-шарада колледждің студенттері желтоқсан оқиғасына арналған сахналық көрініс көрсетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева, студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Абдрахманова



АШЫҚ ЕСІҚ КҮНІ

21.12.2018ж. Республикалық «Саналы ұрпақ» кеңселік жобасының жетекші Қ.А.Токушев Жамбыл медициналық колледжіне келді. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агентігінің бастамасымен 2018 – 2020 жылдарға арналған «Саналы ұрпақ» кеңселік жобасы республика деңгейінде өз жұмысын бастаған болатын. Осы мақсатты орындау үшін коллежде ашылған «Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету» орталығымен және заманауи инновациялық құралдармен жабдықталған «Смарт анатомия», «Смарт физиология», «Смарт патанатомия» кабинеттерімен, «Білім сапасы мен мониторинг орталығымен» таныстырылды.



АКЦИЯ



27.12.2018 ж. Нұр Отан партиясының «Кедергісіз келешек» партия жобасының аясында №10 Алау бастауыш партия ұйымының төрайымы Ж.Н. Сарыбекова және колледждің белсенді студенттері Жаңа жылдық мерекеге орай №4 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығына барып, мүмкіншілігі шектеулі мүгедек балаларға сыйлықтар табыстап, қайырымдылық акциясын өткізді.



08.12.2018 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы, колледждің және салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының ұйымдастыруымен «Біз денсаулықты таңдаймыз! / Наш выбор – здоровье! / Health is our choice!» ұранымен «Small» сауда орталығында мәдени-сауықтыру акциясы өтті. Шараның мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, өз денсаулығын сауатты басқару дағдыларын меңгеру және әрбір азаматтың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу туралы хабардар болуын арттыру. Акция соңында қала тұрғындарына колледждің студенттері концерттік бағдарлама ұйымдастырды. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева.



14.12.2018 ж. «Қазақстан студенттер Альянсы» ЖҚБ колледждің бөлімшесінің белсенділері «Тәуелсіздік күні» мерекесі қарсаңында жәрмеңке ұйымдастырып, жиналған қаржыға қайырымдылық көмек көрсетті.



Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының №1 арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы және Онкологиялық науқастарды қолдау «Амазонка» қамқор фондына колледждің «Еріктілер» тобы желтоқсан айында қамқорлық көрсетті.



14.12.2018 ж. Қалалық балалар ауруханасында Денсаулық сақтау басқармасы және колледждің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік күні» мерекесіне арналған салтанатты жиында колледждің белсенді студенттері концерттік бағдарламаға белсене қатысты. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева және студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Абдрахманова



03.12.2018 ж. «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанатының ұйымдастыруымен өткізілген акцияға колледждің бастауыш бөлімшесінің белсенділері Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерімен бірлесіп, қала тұрғындарына өрт жағдайындағы қимыл әрекеттері туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.




13.12.2018ж. №3 арнайы пәндер циклдік әдістемелік комиссия мүшелерінің ұйымдастыруымен «Мейіргер ісі негіздері» пәндер оқытушылары «Сыбайлас жемқорлық – қоғамның өзекті мәселесі» атты акция ұйымдастырылды. Акцияда студенттерге «Сыбайлас-жемқорлық» туралы мәліметтер берілді. ҚР «Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас-жемқорлыққа брошюралар, буклеттер таратылып, студенттер ой пікірлерімен бөлісті.

ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРШАСЫ



26.12.2018 ж. Колледждің қызметкерлерінің балаларына арналған жаңа жылдық шыршасы өтті. Бұл кешті №1 Жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК төрайымы Айдралиева А.Б. және оқытушылар ұйымдастырды. Кеште Аяз Ата мен ақшақар балаларды билетіп, өлең айтқандарға сыйлықтар берді. Балалар шыршасы көңілді өтті.



28.12.2018 ж. «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанатының ұйымдастыруымен «Өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығы» мекемесіндегі тәрбиеленушілерге Жаңа жылдық кеш өткізілді. Колледжіміздің белсенді студенттері аталған іс-шараға белсене қатысып, ойыншақтар және сыйлықтар тарту етті. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева, студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Абдрахманова.



26.12.2018ж. Колледждің белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен «Версаль» мейрамханасында студенттерге арналған Жаңа жылдық кеш өткізілді. Колледждің тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.Мейрманова, «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Республикалық студенттер қозғалысының Жамбыл облысы бойынша көшбасшысы Ә.Мұратбаев және «Жас Отан» Жастар қанатының Тараз қаласы бойынша төрағасы Б.Құтжан белсенді жастарды алғыс хатпен марапаттады. Іс-шара жоғары деңгейде өткізілді. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева, студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Абдрахманова.